



**Қазақстан халықтары кіші Ассамблеясының мүшелеріне ұлттық-мәдени орталықтар қоғамдар мен қауымдастықтар басшыларына облыс Әкімінің гранттарын беру туралы Ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Жамбыл облысы Әкімінің 2003 жылғы 29 сәуірдегі N 97 шешімі. Жамбыл облыстық Әділет басқармасында 2003 жылғы 29 мамырда N 974 тіркелді. Шешімінің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2007 жылғы 24 сәуірдегі № 4-1874 Хатымен

**Еркерту. Шешімінің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2007.04.24 № 4-1874 Хатымен.**

Облыстағы ұлттық-мәдени орталықтардың, қоғамдар мен қауымдастықтардың қызметін, ұлтаралық келісімді нығайту, қоғамды біріктіру, облыста тұратын халықтардың мәдениетін, ұлттық дәстүрлерін, салттарын, тілдерін насихаттау және дамыту жөніндегі жұмысты жандандыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі "Қазақстан халықтары Ассамблеясының стратегиясының Стратегиясы және Қазақстан халықтары Ассамблеясы туралы Ереже туралы" N 856 Жарлығына сәйкес және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы негізінде ШЕШІМ ЕТЕМІН:

1. 2003 жылы ұлттық-мәдени орталықтар, қоғамдар мен қауымдастықтар басшыларына берілетін облыс Әкімінің гранттары тағайындалсын. Бұл үшін облыс Әкімінің резервінен 400,0 мың (төрт жүз мың) тенге бөлінсін.

2. Ұсынылап отырған Қазақстан халықтары кіші Ассамблеясының мүшелеріне - ұлттық-мәдени орталықтар, қоғамдар мен қауымдастықтар басшыларына берілетін облыс Әкімінің гранттары туралы Ереже бекітілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс Әкімінің орынбасары К.М. Демешке жүктелсін.

*Облыс Әкімі*

Ж а м б ы л	о б л ы с ы	Ә к і м і н і ң	
2 0 0 3	ж ы л ғ ы	2 9	с ә у і р д е г і
" Қ а з а қ с т а н	х а л ы қ т а р ы	к і ш і	
А с с а м б л е я с ы н ы ң	м ү ш е л е р і н е	-	
ұ л т т ы қ - м ә д е н и	о р т а л ы қ т а р		

қоғамдар мен қауымдастықтар  
басшыларына облыс Әкімінің  
гранттарын беру туралы Ережені  
бекіту туралы" N 97 шешімімен  
бекітілген

**Қазақстан халықтары кіші Ассамблеясының мүшелеріне -  
ұлттық-мәдени орталықтар, қоғамдар мен қауымдастықтар басшыларына  
облыс Әкімінің гранттарын беру туралы  
ЕРЕЖЕ**

1. Облыс Әкімінің гранттары ұлтаралық келісімді нығайтуға, қоғамды біріктіруге және мәдениетті дамытуға, ұлттық дәстүрлерді, салттарды насихаттауға, тілдерді дамытуға қомақты үлес қосып отырған, облыста өткізілетін қоғамдық-саяси және мәдени іс-шараларға белсенді қатысатын Қазақстан халықтары кіші Ассамблеясының мүшелеріне - ұлттық-мәдени орталықтар, қоғамдар мен қауымдастықтар басшыларына беріледі.

2. Гранттар жылына бір рет Қазақстан халықтары кіші Ассамблеясы хатшылығының қолдауы негізінде беріледі. Олардың санын және ақшалай көлемін кіші Ассамблея төрағасы белгілейді.

3. Талапкер үшін келесі құжаттар тапсырылады:

- ұлтаралық келісімді сақтау, мәдениетті, ұлттық дәстүрлер мен салттарды, тілдерді дамыту мәселелері бойынша нақты қызметті бейнелейтін ұсыныс - міндеттеме;

- талапкерді ұсынып отырған қоғамдық бірлестіктің басқару органының шешімі;

- талапкермен толтырылған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке басының іс - қағазы;

- талапкерді ұсынып отырған қоғамдық бірлестікті мемлекеттік тіркеу туралы облыстың әділет басқармасы берген куәлік.

4. Талапкерді ұсыну құқығына облыс аумағында тұрақты іс-әрекет жасайтын, Қазақстан Республикасы Президентінің ұлттық саясатын белсенді қолдайтын және жүргізетін ұлттық-мәдени орталықтар, қоғамдар мен қауымдастықтар ие.

5. Грант иелеріне белгіленген үлгідегі куәліктер беріледі.

6. Ақшалай төлемдер жылына бір рет Қазақстан Халықтарының бірлігі күніне қарай беріледі.

7. Талапкердің гранттарды берудің негізгі принциптеріне қайшы келетін іс-әрекеттері мен қылықтары Қазақстан халықтары кіші Ассамблеясы Хатшылығының ұсынысы бойынша ақшалай төлемдерді мерзімінен бұрын

тоқтату және бұрын берілген куәлікті кері алу туралы шешім қабылдауға негіз  
б о л а д ы .

Ақшалай төлемдерді мерзімінен бұрын тоқтату сондай-ақ ұлттық-мәдени бірлестіктің басшысын Қазақстан халықтары кіші Ассамблеясының құрамынан шығару немесе оны грантты беру мерзімі аяқталғанға дейін қайта сайлау кезінде мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК